

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру
қоры» КЕАҚ басқармасының
2019 жылғы 27 желтоқсандағы
шешімімен бекітілген
(№ 88 хаттама)

**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде
және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде
қызметтерді сатып алуға қосылу шарты**

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларының (бұдан әрі - Сатып алу қағидалары) 53-тармақтың екінші бөлігіне сәйкес «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының шешімімен бекітілді және бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ мен Сатып алу қағидаларына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі – МӘМС) медициналық қызметтерді сатып алудың шартын жасаған денсаулық сақтау субъектімен, бұдан әрі «Қызметтер беруші» деп аталатын арасында өзара қарым-қатынастардың жалпы шарттарын белгілейді.

Тапсырыс беруші мен Қызметтер беруші бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал әрқайсысы жеке-жеке «Тарап», немесе жоғарыда көрсетілгендей аталуы мүмкін.

Осы Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес қосылу шарты болып табылады.

1. Жалпы ережелер

1. Тапсырыс беруші мен Қызметтер беруші арасында Сатып алу қағидаларына сәйкес жасалатын, ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді сатып алу шарттарында, оның ішінде ұзақ мерзімді кезеңге Сатып алу шарттында (бұдан әрі – Сатып алу шарты) нақтыланатын Шарттың ережелері Тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастардың жалпы шарттарын белгілейді.

Осы Шартта пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде қолданылатын ұғымдар мен терминдермен бірдей.

2. Осы Шарттың күші осы Шарт шеңберінде Тараптар арасында жасалған барлық Сатып алу шарттарына қолданылады.

3. Қызметтер беруші Сатып алу шартын жасасу арқылы осы Шартқа қосылады.

2. Шарттың мәні, төлем шарттары мен тәртібі

4. Қызметтер беруші Сатып алу шартында айқындалған мерзімдерде (қызметтер көрсету кезеңі) көлемдер және сомалар шегінде қызметтер көрсетеді.

4-тармақ жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

5. Тапсырыс беруші Қызметтер берушіге көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларымен (бұдан әрі – Ақы төлеу қағидалары), Сатып алу шартымен және осы Шартта айқындалған тәртіппен және мерзімде жүзеге асырады.

6. Қызметтерге ақы төлеу Ақы төлеу қағидаларына сәйкес Сатып алу шартының жылдық сомасынан аспайтын сома шегінде және Сатып алу шартының ай сайынғы қызметтердің көлемін және қаражаттың көлемін қайта бөлу бойынша қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

7. Қызметтер беруші:

1) алып тасталсын;

7-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталды «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

2) медициналық қызметтерді тұтынушыларға шарттың барлық қолданылу мерзімі ішінде медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, уақтылығын, іркіліссіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Көрсетілген міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін жағдайлар туындаған кезде Тапсырыс берушіні осындай мән-жайлар туралы хабардар етуді қамтамасыз ету қажет;

3) Сатып алу шартының бүкіл қолданылу кезеңіне медициналық қызметтің түріне де, Сатып алу шартында көрсетілген өндірістік базалар бойынша да,

сондай-ақ (қажет кезде) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымымен байланысты қызметіне, фармацевтикалық қызметіне, иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге арналған «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензиялардың болуын қамтамасыз етуге;

7-тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

3-1) Сатып алу шартының бүкіл қолданылу кезеңіне Сатып алу шартында көрсетілген өндірістік базалар бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының немесе хабарламаның (хабарлама жасау тәртібі жағдайында) болуы, Қызметтер берушінің қызметкерлерінде денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаттарының болуын қамтамасыз етуге;

7-тармақтың 3-1) тармақшасы жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

4) алып тасталсын;

7-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталды «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

5) амбулаториялық жағдайдағы консультациялық-диагностикалық қызметтерді бірлесіп орындауға берген кезде қаражат көлемі Сатып алу қағидаларының 62-тармағының үшінші бөлігінде айқындалған мөлшерден аспауға тиіс (медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері үшін);

6) осы Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарттық міндеттемелерді орындауын бағалау индикаторлардың ең төменгі мәндеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерінде және Қордың ақпараттық жүйелерінде (бұдан әрі – Денсаулық сақтаудың АЖ) деректерді қалыптастыру үшін қажетті Қызметтер берушінің медициналық ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – МАЖ) мәліметтерді уақтылы, дәйекі, толық және дұрыс енгізілуін және беруді қамтамасыз етуге;

8) Тапсырыс берушінің қызметкерлеріне қарау нысанында ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, Қызметтер берушінің және тартылған бірлесіп орындаушының МАЖ-не қол жеткізуді ұсынуға;

7-тармақтың 8) тармақшасы жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

9) лицензиялық есептік ақпараттық жүйелерінде бухгалтерлік және қаржылық есепті жүргізуді қамтамасыз етуге;

9-1) осы Шарттың 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ақы төлеу қағидаларына сәйкес Қызметтер берушінің есептік ақпараттық жүйесінен

шығыстар туралы мәліметтерді Қордың ақпараттық жүйесіне беруді қамтамасыз етуге;

7-тармақтың 9-1) тармақшасы жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

10) Тапсырыс берушінің талабы бойынша осы Шарт және Сатып алу шарттың талаптарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ көрсетілетін медициналық көмектің көрсетілетін қызметтерінің қолда бар рұқсат құжаттарына сәйкестігін салыстыру үшін Қызметтер берушінің және оның бірлесіп орындаушысының (-лардың) өндірістік базасына (базаларына) және әкімшілік бөлімшесіне, қажет болған жағдайда, қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

11) Сатып алу шарты мен осы Шарт талаптарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру үшін және көрсетілетін медициналық көмектің көлемі мен сапасы бойынша талдау жүргізу үшін қажетті ақпарат пен құжаттаманы жазбаша сұрату бойынша ұсынуға;

12) есепті жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қызметтерді, сондай-ақ есепті жылдан кейінгі жылдың 28/29 ақпанындағы жағдай бойынша жыл қорытындылары бойынша есеп айырысулар аяқталған күніне, Сатып алу шарты бойынша төлемдер өзара есеп айырысуларын салыстыруды жүргізуге;

13) алып тасталсын;

7-тармақтың 13) тармақшасы алып тасталды «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

14) Қызметтер берушіде медициналық қызмет көрсету кезінде бұзушылықтар анықталған кезде уәкілетті органдар шығарған қорытындылар, ұйғарымдар, қаулылар және өзге де актілер туралы Тапсырыс берушіні оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге;

15) Тапсырыс берушіні шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге (көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып):

- сенімгерлік басқаруға беру немесе меншік иесінің өзге де өзгеру жағдайларда;

- ұйымның қызметін немесе медициналық қызмет түрін тоқтата тұру кезде;

- тарату, қайта ұйымдастыру кезде;

- ұйымның атауының, орналасқан жерінің, өндірістік базаның және (немесе) банк деректемелерінің өзгеруі кезде;

- Сатып алу шарты мен осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін өзге де жағдайларда;

16) ТМККК шеңберінде медициналық көмекке қол жеткізу және МӘМС жүйесінде медициналық көмекке құқық алу мәселелері бойынша халық пен пациенттер арасында тұрақты негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізе отырып, ақпараттық материалдарды пациенттер үшін қолжетімді орындарда және интернет-ресурстарда орналастыруды, жадынамалар/буклеттер форматында ақпарат тарату, тіркелген халыққа қоңырау шалу арқылы, осы Шарт және Сатып

алу шарттары шеңберінде көрсетілетін барлық қызметтер туралы және оларды көрсету шарттары туралы медициналық қызметтерді тұтынушыларды тұрақты негізде хабардар етуді қамтамасыз етуге міндетті.

17) алып тасталсын.

7-тармақтың 17) тармақшасы алып тасталды «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

18) «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына сәйкес статистикалық есептілікті ұсынуға міндетті.

7-тармақтың 18) тармақшасы жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2026 жылғы 31 наурыздағы шешіміне 3-қосымшамен (№18 хаттама).

8. Қызметтер берушінің:

1) Ақы төлеу қағидаларына, Сатып алу шартының және осы Шарттың талаптарына сәйкес ақы алуға;

2) Сатып алу қағидаларына сәйкес дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілерімен бірлесіп орындау шартын жасасу жолымен Сатып алу шарты және осы Шарт бойынша міндеттемелердің бір бөлігін орындау үшін бірлесіп орындаушыларды тартуға.

3) Қызметтер берушінің сұрауы бойынша Тапсырыс берушіден Ақы төлеу қағидаларында белгіленген төлем мерзімдерінің өзгеру себептері туралы ақпарат алуға;

4) Сатып алу шарты талаптарының орындалу мониторингінің нәтижелеріне «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 8-бабының 21)-тармағына сәйкес тәртіппен шағым жасауға;

8-тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

5) Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір санкцияларды қолданбай, медициналық көмек көрсетудің расталмаған жағдайлары бойынша төленген соманы Тапсырыс берушіге қайтару жолымен қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге немесе тиісті уәкілетті мемлекеттік органға белгілі болғанға дейін осы Шарттың бұзылуын дербес жоюға;

6) Тапсырыс берушіден Қызметтер берушінің медицина қызметкерлері арасында, халық пен пациенттер арасында ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуді сұратуға;

8-тармақтың 6) тармақшасы жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

7) Тапсырыс берушіден ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде Сатып алу шарты шеңберінде қызметтер көрсету мәселелері бойынша Қызметтер берушінің қызметкерлері арасында тоқсанына кемінде 1 рет семинар-кеңес өткізуді сұрауға;

8) Тапсырыс берушіден осы Шарттың талаптары бойынша, Сатып алу шартының талаптары бойынша, медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемінің мониторингі бойынша қорытындының мазмұны бойынша, сондай-ақ Сатып алу шартының талаптарын тиісінше орындау бойынша түсініктемелер алуға;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Сатып алу шартына және осы Шартқа сәйкес өзге де іс-әрекеттер жасауға құқығы бар.

9. Тапсырыс беруші:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-321/2020 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалу мониторингін жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Мониторинг қағидалары) сәйкес Сатып алу шартының талаптарын орындалуына мониторингін, сондай-ақ осы ағымдағы жылдың тоғыз айдың қорындылары бойынша қол жеткізбегені үшін осы Шарттың 11-тармағының бесінші бөлігіне сәйкес тұрақсыздық айыбын қолдана отырып мониторинг жүргізу;

9-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

2) Ақы төлеу қағидаларында, осы Шартта және Сатып алу шартында көзделген тәртіпте және мерзімде Қызметтер берушіге көрсетілген қызметтерге ақы төлеуді жүргізуге;

3) өзге төлемдерді немесе шегерімдерді жүзеге асыруға, көрсетілген қызметтер актілері бойынша төлеуге қабылданған сомадан бұрын төленген авансты Ақы төлеу қағидаларына сәйкес ұстап қалуды жүзеге асыру;

4) Қызметтер берушінің сұратуы бойынша Сатып алу шартының және осы Шарттың талаптары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;

5) осы Шартқа енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы Тапсырыс берушінің интернет-ресурсында және (немесе) веб-порталда (ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді денсаулық сақтау субъектілерінен сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне бірыңғай қол жеткізу нүктесін беретін ақпараттық жүйе) жариялау арқылы бекіту күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Қызметтер берушіні хабардар етуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Сатып алу шартында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

10. Тапсырыс берушінің:

1) Сатып алу шарты, осы Шарт талаптарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттаманы, оның ішінде бірлесіп орындаушылар бойынша, сұратуға және алуға;

2) жыл сайын Тапсырыс берушінің интернет-ресурсында медициналық көмек көрсетудің анықталған ақаулары мен бұзушылықтарының санын көрсете отырып, қызметтер берушілердің тізбесін орналастыруға;

10-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға, денсаулық сақтау басқармаларына және өзге де мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда өз құзыреті шегінде ресми сұрау салулар бойынша Сатып алу шарты және осы Шарт бойынша Қызметтер берушімен міндеттемелерді орындалуы туралы, сондай-ақ осындай бұзушылықтарды қарау аталған мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын бұзушылықтар фактілер анықталған жағдайда ақпарат жіберуге;

4) Қызметтер беруші Сатып алу шартында көзделген медициналық қызметтер көлемін және соманы орындамаған немесе болжамды орындамаған жағдайда, бюджет қаражаты немесе Тапсырыс берушінің активтері жеткіліксіз болған жағдайда, сондай-ақ Қызметтер берушінің толық немесе ішінара құқық қабілеттілігін жоқ (жоғалтқан) жағдайда Сатып алу шартының медициналық қызметтер көлемін және (немесе) сомасын бір жақты тәртіппен азайтуға;

10-тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген тәртіппен осы Шартқа және Сатып алу шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Сатып алу шартында және осы Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

4. Тараптардың жауапкершілігі

11. Осы Шарттың 7-тармағында көзделген міндеттемелерді бұзушылықтар анықталған кезде, Қызметтер беруші осы тармақтың үшінші және төртінші бөліктерінде көрсетілген жағдайларды, сондай-ақ ағымдағы мониторинг барысында анықталған жағдайларды қоспағанда, бұзушылық жасалған күнде қолданыстағы Сатып алу шартының жалпы сомасының (ұзақ мерзімді шарттар бойынша – тиісті жылға Сатып алу шартының сомасының) 0,05% мөлшерінде бұзушылықтың әрбір фактісі үшін Тапсырыс берушінің пайдасына тұрақсыздық айыбын төлейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тұрақсыздық айыбының жиынтық сомасы бұзушылық жасалған күні қолданыста болатын Сатып алу шартының жалпы сомасының (ұзақ мерзімді шарттар бойынша – тиісті жылға арналған Сатып алу шартының сомасының) 1% - нан аспауға тиіс. Бұл шарт ақауларға қатысты жасырын кемшіліктерге қолданылмайды.

Жасырын кемшілік анықталған жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс беруші осы Шарттың 7-тармағының 3), 10), 12), 14), 16) и 18) тармақшаларында көрсетілген міндеттемелер бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тұрақсыздық айыбын есептемейді.

Заңды күшіне енген сот актісімен, медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік органның, прокуратураның, өзге де мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының актісімен расталған рұқсат беру құжаттарынсыз (лицензия, лицензияға қосымша) медициналық қызметті жүзеге асыру фактілері анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші бұзушылық анықталған күні қолданыста болған Сатып алу шартының жасалған сомасының 10% мөлшерінде Қызметтер берушіге тұрақсыздық айыбын қолдануға міндетті.

Осы Шартқа 1-қосымшада көзделген шарттық міндеттемелердің орындалуын бағалау индикаторларының ең төменгі мәнге қол жеткізілмеген кезде Қызметтер беруші индикаторлар бойынша талдау өткізу күнде қолданыстағы Сатып алу шартының жалпы сомасының (ұзақ мерзімді шарттар бойынша – тиісті жылға Сатып алу шартының сомасының) 0,05% мөлшерінде әрбір ең төменгі мәнге ағымдағы жылдың тоғыз айдың қорындылары бойынша қол жеткізілмеген индикатор бойынша Тапсырыс берушінің пайдасына тұрақсыздық айыбын төлейді.

11-тармақ жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

12. Алып тасталсын.

12-тармақ алып тасталды «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

13. Тапсырыс беруші Қызметтер берушіге шарттық міндеттемелердің орындалу мониторингінің нәтижелері бойынша тұрақсыздық айыбын өндіріп алу хаттамасын (бұдан әрі – тұрақсыздық айыбын өндіріп алу хаттамасы) қарауға және қол қоюға жібереді.

Қызметтер беруші он күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс беруші жіберген тұрақсыздық айыбын өндіріп алу хаттамасына қол қояды немесе мониторинг нәтижелерімен келіспейтіні туралы дәлелді жауап береді және оны Тапсырыс берушіге жібереді. Қызметтер беруші тұрақсыздық айыбын өндіріп алу хаттамасымен келіспеген жағдайда Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қарауға құқылы.

Екі Тарап қол қойған тұрақсыздық айыбын өндіріп алу хаттамасына сәйкес тұрақсыздық айыбын өндіріп алу хаттамасына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Қызметтер беруші тұрақсыздық айыбының сомасын дербес төлеу тиіс.

Сатып алу шартының орташа айлық сомасынан тұрақсыздық айыбының сомасы 30% - дан асқан жағдайда Қызметтер беруші осы Шарттың талаптарына жауап беретін тұрақсыздық айыбын өтеу кестесін жолдау арқылы Сатып алу шартының қолданылу кезеңінде тұрақсыздық айыбын қайтару мерзімін алты айдан аспайтын мерзімге ұзартуға бастамашылық жасауға құқылы.

Осы тармақта көрсетілген мерзімдерде тұрақсыздық айыбының сомасын төлеуді жүзеге асырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрақсыздық айыбының сомасын өндіріп алуға міндетті.

Көрсетілген қызметтерге ақы төленгеннен кейін Сатып алу шартының қолданылу кезеңінде бұрын жүргізілген мониторинг кезінде белгіленуі мүмкін емес ақаулары және (немесе) осы Шарттың және Сатып алу шартының талаптары тиісінше орындалмағаны (бұдан әрі – жасырын кемшіліктер) анықталған кезде Тапсырыс беруші бұл туралы жасырын кемшілік анықталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қызметтер берушіні хабардар етеді және Ақаулар мен бұзушылықтардың бірыңғай жіктеушісі немесе осы Шарттың талаптарына сәйкес экономикалық ықпал ету шараларын қолданады.

Сатып алу шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін немесе бұзылғаннан кейін табылған ақауға қатысты жасырын кемшілік анықталған кезде Сатып алу шартының қолданылу сәтіндегі тиісті ақау сомасына тең мөлшерде, ал ақау болмаған жағдайда – Сатып алу шартының қолданылу сәтіндегі тұрақсыздық айыбы мөлшерінде тұрақсыздық айыбы қолданылады.

Сатып алу шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін немесе бұзылғаннан кейін табылған ол бойынша Сатып алудың шартымен тұрақсыздық айыбы көзделген жасырын кемшілік анықталған кезде тиісті Сатып алудың шарты қолданылу сәтіндегі тұрақсыздық айыбына тең мөлшерде тұрақсыздық айыбы қолданылады.

Тараптар бұзушылықты жасырын кемшілік ретінде қарастырмайды, егер мұндай бұзушылық Қормен бұрын, медициналық қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша (ағымдағы мониторингті қоспағанда), сондай-ақ осы Шарттың немесе Сатып алу шартының талаптарын тиісінше орындау бойынша мониторинг жүргізу кезеңінде, қараған медициналық есепке алу құжаттамалары бойынша анықталса.

Ағымдағы мониторинг кезінде анықталмаған, бірақ кейіннен анықталған бұзушылықтар жасырын кемшіліктер ретінде қарастырылады.

13-тармақ жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

14. Тапсырыс беруші Мониторинг қағидаларына сәйкес экономикалық ықпал ету шараларын қолданады.

Мониторинг қағидаларына сәйкес Ақаулар мен бұзушылықтардың бірыңғай жіктеушісіне сәйкес экономикалық ықпал ету шараларын қолданған кезде сол бір бұзушылық бойынша қайтадан тұрақсыздық айыбы есептелмейді.

14-тармақ жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

15. Тапсырыс беруші мен Қызметтер беруші арасында келісілген көрсетілген қызметтердің актілері бойынша немесе төлемнің кешіктірілген кезде төлемнен бас тартқаны үшін Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем күніне арналған базалық ставкасын немесе оның тиісті бөлігін негізге ала отырып, Қызметтер берушінің пайдасына тұрақсыздық айыбын төлейді.

Егер төлеуден бас тарту немесе төлемді кешіктіру қызметтер берушілер алдындағы барлық міндеттемелерді жабу үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің Тапсырыс берушіге бюджет қаражатын жеткіліксіз аударуы немесе қызметтер берушілер алдындағы барлық міндеттемелерді жабу үшін Тапсырыс берушінің активтері жеткіліксіз болуы салдарынан туындаған жағдайда тұрақсыздық айыбы есептелмейді және қолданылмайды.

16. Осы Шарттың және Сатып алу шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Тараптарды осы мерзім аяқталғанға дейін орын алған оны бұзғаны үшін жауаптылықтан босатпайды.

5. Бірлескен орындау бойынша негізгі ережелері

17. Бірлесіп орындау шарты мынадай негізгі мәліметтерді қамтиды:

- бірлесіп орындау шартының мәні, оның ішінде қызметтер көрсету орны, қызметтер тізбесі мен көлемі, бірлесіп орындаушының қызметтер көрсету талаптары;
- қызметтерге ақы төлеу тәртібі (аванстау, қызметтер үшін тарифтер, қызметтерді төлеуге қабылдау шарттары, төлем құжаттарына қол қою шарттары мен мерзімдері және т. б.);
- тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- тараптардың жауапкершілігі (оның ішінде тұрақсыздық айыбын қолдану);
- бірлесіп орындау шартын өзгерту және бұзу;
- еңсерілмейтін күш жағдайлары;
- қорытынды ережелер;
- тараптардың мекенжайлары мен деректемелері.

18. Сатып алу қағидаларында көзделген жағдайларда қызметтер көрсету үшін Қызметтер берушінің бірлескен орындаушыны тартуына жол берілмейді.

19. Қызметтер берушінің Сатып алу шарты және осы Шарт бойынша міндеттемелерінің бір бөлігін орындау үшін үшінші тұлғаларды тартуы оны осы Шарт бойынша және Сатып алу шарты бойынша міндеттемелерді орындағаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

Тапсырыс беруші бірлесіп орындаушының қызметі бойынша анықтайтын бұзушылықтар, оның ішінде егер бірлесіп орындаушыда лицензия немесе өзге

рұқсат құжаты, сондай-ақ бірлесіп орындаушы қызметкерінде маман сертификаты болмаса, Қызметтер берушінің бұзушылықтары болып табылады.

6. Тараптардың өзара қарым-қатынастары тәртібі

20. Тапсырыс беруші мен Қызметтер беруші осы Шартты немесе Сатып алу шартын іске асыру кезінде тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды шешуге күш салады.

21. Осы Шарттан және Сатып алу шартынан туындайтын құқықтық қатынастар бойынша тікелей келіссөздер процесінде дау реттелмеген жағдайда Тапсырыс беруші мен Қызметтер берушінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осындай дауды шешуге құқығы бар.

22. Қызметтер беруші Тапсырыс беруші Қызметтер берушінің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуге міндетті емес екенін және Тапсырыс берушіден Сатып алу шартында және осы Шартта көзделмеген өз шығыстарын өтеуді талап етуге құқылы емес екенін, ал Тапсырыс берушіден алынатын ақша көрсетілген қызметтер үшін төлем болып табылатынын және алынатын аванс (алдын ала төлем) Қызметтер берушінің Тапсырыс беруші алдындағы берешегі болып табылатынын түсінеді.

23. Тапсырыс беруші мен Қызметтер беруші бірлескен өзара қарым-қатынас медициналық қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін сақтауды қамтамасыз етуі тиіс екенін түсінеді.

Тапсырыс беруші мен Қызметтер беруші осы Шартты орындау барысында туындаған қиындықтардың шынайы себептерін анықтағанға дейін өзара жария сыннан бас тартады.

24. Егер анықталған бұзушылықтар негізсіз болып табылған және медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік орган растаған жағдайда, Қызметтер беруші Тапсырыс берушіден медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемі мониторингінің нәтижелері бойынша, сондай-ақ Сатып алу шартының талаптарын тиісінше орындау бойынша экономикалық ықпал ету шараларын қолданбауды талап етуге құқылы.

24-тармақ жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

25. Тапсырыс беруші осы Шарттың 24-тармағында көрсетілген жағдайларда экономикалық ықпал ету шараларын қолданбауға құқылы.

25-тармақ жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

26. Егер осы Шарттың 24-тармағында көрсетілген Қызметтер берушінің талабы қанағаттандырылмаған жағдайда, онда Қызмет беруші сотқа жүгінуге құқылы.

27. Қызметтер беруші осы Шартты орындау үшін қажетті төлем қабілеттілігі мен құқық қабілеттілігіне ие болуға тиіс екенін түсінеді және Тапсырыс берушіні осы шарттарды қадағалауға міндеттемейді.

28. Алып тасталсын.

28-тармақ алып тасталды «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

29. Алып тасталсын.

29-тармақ алып тасталды «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

30. Алып тасталсын.

30-тармақ алып тасталды «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

7. Шартты және Сатып алу шартын өзгерту және бұзу

31. Осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы Қызметтер берушіні хабардар ету Тапсырыс берушінің интернет-ресурсында және (немесе) веб-порталда өзгерістердің толық мәтінін міндетті түрде жариялау жолымен жүзеге асырылады және мұндай өзгерістер және (немесе) толықтырулар Қызметтер беруші үшін жарияланғаннан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң ғана міндетті болады.

32. Сатып алу шарты Тараптардың келісімі бойынша да, бір жақты тәртіппен де мерзімінен бұрын бұзылуға жатады.

Тараптардың келісімі бойынша Сатып алу шартын бұзу мынадай шарттар жиынтығы кезінде жүзеге асырылады:

1) хабарламаны кері қайтарып алу жағдайларын қоспағанда, Тапсырыс берушіге себебін көрсете отырып, бұл туралы хабарлама жіберу жолымен Қызметтер берушінің осы Шарт және Сатып алу шарты бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуы;

32-тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасы жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшада (№54 хаттама).

2) Тараптар толық өзара есеп айырысуды жүзеге асырған жағдайда;

32-тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасы жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшада (№54 хаттама).

3) Тапсырыс берушінің Шартты біржақты тәртіппен бұзу негіздеріне жататын жағдайлар болмаған кезде.

32-тармақтың екінші бөлігінің 3) тармақшасы жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшада (№54 хаттама).

Тапсырыс беруші Сатып алу шартын біржақты тәртіппен Қызметтер берушіге ол бұзылғанға дейін күнтізбелік он бес күн бұрын хабарлама жіберу

жолымен, көрсетілген мерзім өткеннен кейін Сатып алу шарты мынадай жағдайларда бұзылды деп есептелетін кезде мерзімінен бұрын бұзады:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган немесе мемлекеттік органдардың:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес медициналық қызметке Қызметтер берушінің лицензиясының және (немесе) лицензияға қосымшасының қолданылуын тоқтата тұру, тоқтату немесе айыру (кері қайтарып алу) туралы;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру туралы актілері шығару кезде;

2) егер мұндай болмауы Қызметтер берушіге осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындауға мүмкіндік бермесе, қызметтің түріне (кіші түріне), оның ішінде өндірістік базаға рұқсат беру құжаты немесе хабарлама (хабарлама жасау тәртібі жағдайында), есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымымен байланысты қызметіне, иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге арналған лицензиялардың болмаған кезде;

3) Қызметтер берушіге көлемдер мен қаражаттың көлемдерін орналастыру үшін негіз болған ақпараттық жүйелерде еңбек ресурстары, медициналық техника және өзге де материалдық ресурстары жөніндегі дұрыс емес ақпараттың және өндірістік базаның болмау фактісі анықталған кезде;

4) Тапсырыс берушімен медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелердің орындалуына мониторингті жүргізу үшін МАЖ-ға қол жеткізуді ұсынбауы кезде;

5) Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қызметтер берушінің немесе бірлесіп орындаушының аумағына қол жеткізуді қамтамасыз етпеген немесе қамтамасыз етпеген кезде;

6) Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша қажетті дәйексіз ақпарат пен құжаттаманы, оның ішінде бірлесіп орындаушылар бойынша, берілмеген немесе жалған ұсынылған кезде;

7) қызметтерді Сатып алу шартына қосымша келісімге қол қоюдан үш жұмыс күні ішінде жалтарған кезде;

8) Қызметтер берушіні таратылған кезде;

9) осы Шартта көрсетілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер бұзылған кезде;

10) Қызметтер беруші тарапынан жол берілген бұзушылық Тапсырыс беруші үшін Сатып алу шартын жасасу кезінде, айтарлықтай дәрежеде сенім артуға құқылы нәрседен айырылған кезде Тапсырыс беруші үшін осындай залалға әкеп соғатын осы Шартты елеулі түрде бұзған жағдайда, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей,

- ақшаға билік етуге уақытша шектеу қою, барлық банктік шоттардағы Қызметтер берушінің ақшасына тыйым салу;

- Тапсырыс беруші экономикалық ықпал ету шараларын (ақаулардың Бірыңғай жіктеуіші бойынша ақаулар және (немесе) тұрақсыздық айыбы) қолданған (қолданатын) Қызметтер берушінің шарттық міндеттемелерін бұзуы, соның нәтижесінде мұндай шаралар сомасы Сатып алу шартының айлық сомасының елу пайызынан асады;

11) Сатып алу шарты бойынша қатарынан алты айда қызметтер көлемдерінің және қаражат көлемдерінің ай сайынғы бөлуді 100% орындамағанда.

Осы хабарламаны жіберуге негіз болған бұзушылық хабарлама мерзімі аяқталғанға дейін жойылған жағдайда, Тапсырыс беруші Сатып алу шарттың біржақты бұзылуы туралы хабарламаны кері қайтарып алуға құқылы.

32-тармақтың төртінші бөлігі жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

Қызметтер беруші осы Шарт және Сатып алу шарты бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартқан жағдайда, Қызметтер беруші себебін көрсете отырып, бұл туралы Тапсырыс берушіні хабардар етеді және Қызметтер берушінің қаржылық міндеттемелерді орындау, оның ішінде Қызметтер берушінің авансты қайтару, сондай-ақ Қызметтер берушінің экономикалық ықпал ету шараларын (тұрақсыздық айыбы, ал сондай-ақ анықталған ақаулар бойынша) төлеу (өтеу) бөлігін; хабарламаны қайтарып алған жағдайды қоспағанда, Сатып алу шарты бұзылған болып есептеледі.

32-тармақтың бесінші бөлігі жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымшамен (№54 хаттама).

33. Осы Шарт немесе Сатып алу шарты ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін сатып алу және оларға ақы төлеу саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын өзгерту немесе толықтыру нәтижесінде тоқтатылуы немесе өзгертілуі мүмкін. Бұл ретте, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, осы Шарттың және Сатып алу шартының қолданылуы осындай өзгерістер немесе толықтырулар күшіне енген күннен бастап тоқтатылады немесе өзгертіледі.

8. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

34. Тараптар осы Шарт және Сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін, егер мұндай орындамау және (немесе) тиісінше орындау табиғи және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды немесе төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-қимылдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекеті салдарынан мүмкін болмаса, сондай-ақ уәкілетті

органның немесе қордың хатымен расталған ақпараттық жүйелердегі жаңартуларға байланысты мән-жайларда жауаптылықтан босатылады.

35. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына жатпайды:

1) Қызметтер берушінің қасақана және абайсыз әрекеттерінен туындаған оқиғалар;

2) Қызметтер беруші болжай алатын және еңсере алатын оқиғалар.

36. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған кезде Қызметтер беруші бес жұмыс күн ішінде Тапсырыс берушіге осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді.

37. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының дәлелі Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауын растайтын ресми құжаттары болып табылады.

38. Уақтылы хабарламау Қызметтер берушіні осы Шарт бойынша жауапкершіліктен босататын негіз ретінде осы Шарттың 34-тармағында көзделген мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айырады.

39. Еңсерілмес күш жағдайлары тоқтатылғаннан кейін Қызметтер беруші осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды дереу жаңартады және осы Шарттың 34-тармағында көзделген жағдайлар тоқтатылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіні жазбаша нысанда хабардар етеді.

9. Қорытынды ережелер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер

40. Сатып алу қағидаларында және осы Шартта көзделген тәртіппен дерекқордан бірлесіп орындаушыларды тартуды қоспағанда, Қызметтер берушінің осы Шарт пен Сатып алу шарты бойынша медициналық қызметтерді орындау жөніндегі өз міндеттемелерін толық, немесе ішінара беруге құқығы жоқ.

41. Сатып алу шартын жасасу және (немесе) орындау кезінде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері шаруашылық қызметінде қандай да бір құқыққа қайшы артықшылықтарды сақтау немесе алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген нысанда, тікелей де делдалдар арқылы қандай да бір тұлғаларға ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және оларға рұқсат бермейді.

42. Тараптар мүдделер қақтығысын болдырмауға, құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды шектеуге және жоюға ұмтылады. Тапсырыс берушінің қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері туындаған кезде Қызметтер беруші осы Шартқа 3-қосымшаға сәйкес QR-кодты пайдалану арқылы қолда бар байланыс арналары бойынша осындай фактілер туралы дереу хабарлауға құқылы.

43. Осы Шартта және Сатып алу шартында реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

44. Егер осы Шарттың және Сатып алу шартының талаптары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына қайшы келсе, онда мұндай жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

45. Қызметтер берушіге төлемдер бойынша ақпаратты және осы Шарттың және Сатып алу шартының өзге де талаптарын қоса алғанда, Тараптар дербес деректерді, құпия ақпаратты оларға заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, дербес деректерді жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдауға міндеттенеді. Егер Тараптардың бірі дербес деректерді өңдеуді үшінші тұлғаларға тапсырса, оған аталған тұлғалардың дербес деректердің құпиялылығын және дербес деректерді өңдеу кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті жүктеледі.

46. Сатып алу шарт тарапында осы Шарттың 45 тармағында көрсетілген талаптардың ықтимал бұзылуы туралы пайымдауға нақты негіздер туындаған жағдайда, ол бұл туралы екінші Тарапты қалыптасқан жағдай шешілгенге дейін шарттық міндеттемелердің орындалуын тоқтата тұру туралы мәселе қойылғанға дейін жазбаша хабардар етуге тиіс.

Сатып алу шарты бойынша алаяқтық және сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталған жағдайда тиісті Тарап хабарламаны алған сәттен бастап он күн ішінде тиісті растауды қоса бере отырып, осы тәуекелдерді жою бойынша қабылданған шаралар туралы екінші Тарапқа хабарлауға тиіс.

47. Осы Шарт бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

48. Осы Шартқа сәйкес екінші Тарапқа жіберілетін Тараптардың хабарламалары пошта байланысы, факс, веб-портал, электрондық құжат айналымы жүйелері арқылы жіберіледі.

49. Анықталған жасырын ақаулар мен орындалмаған қаржылық міндеттемелер бойынша туындаған құқықтық қатынастарды қоспағанда, Қызметтер беруші Сатып алу шартының қолданылу мерзімі аяқталған кезде немесе ол бұзылған кезден бастап осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тоқтатады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қосылу шартына
1-қосымша

Медициналық көмектің барлық түрлері бойынша шарттық міндеттемелердің орындалуын бағалау индикаторлары

№	Индикаторлардың атауы	Нысаналы көрсеткіш	Есептеу формуласы/Өлшем бірлігі
1	Негізделген шағымдардың көрсеткіші	<p>МСАК ұйымдары үшін индикатордың мәні 10 мың адамға шаққанда 1 - ден аспауға тиіс</p> <p>Стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсететін ұйымдар үшін индикатордың мәні мың емделгенге 1- ден аспауға тиіс</p>	<p>(негізделген шағымдар саны*10000) / тіркелген халық саны</p> <p>Бекітілген халықтың 10 мың адамына негізделген шағымдар саны</p> <p>(негізделген шағымдар саны*1000) / емделген жағдайлар саны</p> <p>1000 емделген жағдайға негізделген шағымдардың саны</p>

		Басқа медициналық ұйымдар үшін нақты көрсетілген қызметтер саны бойынша индикатордың мәні көрсетілген қызметтердің мыңына 1-ден аспауға тиіс	(негізделген шағымдар саны*1000) / көрсетілген қызметтер саны Көрсетілген 1000 қызметке негізделген шағымдар саны
2	Бір факт/сұрақ бойынша бір қызметтер берушіге пациенттерден қайталанатын шағымдардың үлесі	0% көздейді 1% артық емес	Қайталанатын шағымдардың үлесі = (қайталанатын шағымдардың саны / шағымдардың жалпы саны) × 100 * Бір жеткізушіге бір факт/сұрақ бойынша өтініш берушінің екінші және кейінгі шағымдары қайталама болып саналады * Қайталанатын шағымдар есепке алынбайды. Бұл бұрын берілген шағымды қарау кезеңінде бір мәселе бойынша келіп түскен өтініштер деп түсініледі.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету кезіндегі шарттық міндеттемелердің орындалуын бағалау индикаторлары			
№	Индикаторлардың атауы	Нысаналы көрсеткіш	Есептеу формуласы/Өлшем бірлігі
1	Стационардан шығарылғаннан кейін бір ай ішінде динамикалық байқауға алынған, стационардан шығарылғандар қатарынан ЖКС пациенттердің үлесі	100%-ға ұмтылу Минималды 70%	Пациенттердің үлесі = (Стационардан шығарылғандар қатарынан диспансерлік есепке алынған ЖКС бар пациенттердің саны / Тәулік бойы стационардан шығарылған ЖКС бар пациенттердің жалпы саны) × 100,
2	Стационардан шығарылғаннан кейін бір ай ішінде динамикалық байқауға алынған, стационардан шығарылғандар қатарынан МҚЖБ бар пациенттердің үлесі	100%-ға ұмтылу Минималды 70%	Пациенттердің үлесі = (Стационардан шығарылғандар қатарынан диспансерлік есепке алынған МҚЖБ бар пациенттердің саны / Тәулік бойы стационардан шығарылған МҚЖБ бар пациенттердің жалпы саны) × 100,
3	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ – 75 бұйрығына сәйкес АГ, бронх демікпесі, ӨСОА, қант диабеті, ЖИА, СЖЖ диагноздарымен динамикалық бақылауда тұрған пациенттерді амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету	100%-ға ұмтылу Минималды 60%	АДҚ-мен қамтамасыз ету = (Дәрі-дәрмек/медициналық бұйымдар алған бірегей пациенттер саны / АДҚ-мен қамтамасыз етілетін пациенттер саны) × 100 Диагноз: АГ, бронх демікпесі, ӨСОА, қант диабеті, , СЖЖ

4	Профилактикалық мақсатта, оның ішінде динамикалық байқаумен МСАК ұйымына өтініштердің жалпы санынан өтініштердің үлесі	Кемінде 50% Минималды 40%	МСАК маманына профилактикалық мақсатта өтініштердің үлесі = (МСАК маманына профилактикалық мақсатта және динамикалық байқаумен өтініштердің саны / Өтініштердің жалпы саны) × 100 мұнда МСАК мамандарына: МСАК дәрігерлері, медбикелер, акушерлер, фельдшерлер, әлеуметтік қызметкерлер, психологтар жатады
5	Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда динамикалық байқауға жататын адамдарды шұғыл емдеуге жатқызу деңгейінің төмендеуі	0-ге ұмтылу Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 10%-ға төмендеу (минималдық мән)	Ауруханаға шұғыл жатқызу үлесі % = (Есепті кезеңде стационарға шұғыл жатқызылған АГ, бронх демікпесі, ӨСОА, қант диабеті, ЖИА, СЖЖ диагнозы бар науқастардың саны / динамикалық бақылауда тұрған, АГ, бронх демікпесі, ӨСОА, қант диабеті, ЖИА, СЖЖ диагнозы бар науқастардың саны) × 100
6	Жүкті әйелдерді ерте есепке алу (12 аптаға дейін)	100%-ға ұмтылу Минималды 60%	Ерте есепке алу = (Жүктілік мерзімі 12 аптаға дейін есепке алынған әйелдер саны / Есепке алынған жүкті әйелдер саны) × 100

Ескерту:

АГ – артериялық гипертензия;

АДД – амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету;

ЖИА – жүректің ишемиялық ауруы;

СЖЖ – созылмалы жүрек функциясының жетіспеушілігі;

ЖКС – жіті коронарлық синдромы;

МҚЖБ – ми қан айналымы жіті бұзылған;

ӨСОА – өкпенің созылмалы обструкциялық ауруы.

1-қосымша жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымша (№54 хаттама).

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қосылу шартына
2-қосымша

Нысан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтерін көрсету кезіндегі шығыстардың құрылымы туралы ақпарат 202_ жылғы _____ (айын көрсету) 20 ____ жылғы « ____ » _____ № _____ шарт бойынша
Қызметтер берушінің атауы _____
БСН _____

Р/с №	Көрсеткіштердің атауы	ТМҚҚК+МӘМС бойынша сома (мың теңге)
1	Есепті жылға арналған шарттың сомасы (есепті жасау күніне)	
2	Есеп шоттағы қалдық қаражат	
3	Есепті айда аванстық қаражат түсімдері	
4	Есепті айдағы қаражат түсімдері	

р/с №	Шығыстардың атауы	Есепті кезеңдегі нақты шығыстар, (мың теңге)	Есепті кезеңдегі кассалық шығыстар ТМҚҚК+МӘМС бойынша, (мың теңге)		Есепті кезеңнің соңындағы дебиторлық берешек, (мың теңге)	Есепті кезеңнің соңындағы кредиторлық берешек, (мың теңге)
		ТМҚҚК+МӘМС бойынша сома	есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне *	есепті кезеңнен кейінгі айдың соңында	ТМҚҚК+МӘМС бойынша сома	ТМҚҚК+МӘМС бойынша сома
1	2	3**	4**	5**	6	7

A	БАРЛЫҒЫ					
1.	Жалақы*					
2.	Салықтар және бюджетке басқа міндеттемелер					
3.	Дәрі-дәрмектерді және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу жиыны, оның ішінде					
3.1	<i>«СК-Фармация» ЖШС-нен:</i>					
4.	Дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды есептен шығару жиыны, оның ішінде					
4.1	<i>«СК-Фармация» ЖШС бойынша:</i>					
5.	Тамақ өнімдерін сатып алу					
6.	Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу					
7.	Басқа қызметтер және жұмыстар					
8.	Иссапар шығындары					
9.	Басқа ағымдағы шығындар					
10.	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу					
11.	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы					

Қызметтер берушінің басшысы (уәкілетті тұлға): _____ / _____
 (Аты, әкесінің аты, тегі, (бар болған жағдайда)/қолы)
 (қағаз жеткізгіштегі шот-тізілім үшін)

Қызметтер берушінің бас бухгалтері: _____ / _____
 (Аты, әкесінің аты, тегі, (бар болған жағдайда)/қолы)
 (қағаз жеткізгіштегі шот-тізілім үшін)

Мөрдің орны (болған жағдайда)/ (қағаз жеткізгіштегі құжат үшін)

Күні 20 __ жылғы « ____ » _____

Ескерту:

* 4-бағанда Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 113-бабының 1-тармағына сәйкес жалақы төлеу жөніндегі шығыс қана көрсетіледі;

** 3,4, 5-бағандарда «Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығымен айқындалған бастапқы құжаттарға сәйкес шығындар баптары бойынша шығыстар көрсетіледі.

2-қосымша жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымша (№54 хаттама).

Тегін медициналық көмектің кепілдік
берілген көлемі шеңберінде және
(немесе) міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру жүйесінде
көрсетілетін қызметтерді
сатып алуға қосылу шартына
3-қосымша

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ қызметкерлері тарапынан
сыбайлас жемқорлық көріністері туындаған кездегі байланыс арна
(QR-код)



*3-қосымша жаңа редакцияда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ
Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне 1-қосымша (№54 хаттама).*

Утвержден
решением Правления
НАО «Фонд социального
медицинского страхования»
от 27 декабря 2019 года
(протокол № 88)

**Договор присоединения
к закупу услуг в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской
помощи и (или) в системе обязательного социального медицинского
страхования**

Договор присоединения к закупу услуг в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и (или) в системе обязательного социального медицинского страхования (далее – Договор) утвержден решением Правления некоммерческого акционерного общества «Фонд социального медицинского страхования» в соответствии с частью второй пункта 53 Правил закупа услуг у субъектов здравоохранения по оказанию медицинской помощи в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и в системе обязательного социального медицинского страхования, утвержденных приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 8 декабря 2020 года № ҚР ДСМ-242/2020 (далее – Правила закупа), и определяет общие условия взаимоотношений между НАО «Фонд социального медицинского страхования», именуемым в дальнейшем «Заказчик», и субъектом здравоохранения, заключившим договор закупа медицинских услуг в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи (далее – ГОБМП) и (или) в системе обязательного социального медицинского страхования (далее – ОСМС) в соответствии с Правилами закупа, именуемым в дальнейшем «Поставщик».

